



**ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫҢ СЮЖЕТТІК ЖЕЛІСІ МЕН ТАРТЫСЫН  
ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ КӨЗҚАРАСТАРЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Шүкей Гауһар, Педагогикалық және Гуманитарлық ғылымдар факультеті,

Сулейман Демирель атындағы университет

### Аңдатпа

Прозалық шығармалар – өмір шындығын өнеге ететін, бала қиялын шарықтата алатын сөз өнері. Бұл мақалада прозалық шығармаларды оқыту, олардың сюжеттік желісі мен тартысын талдау жолдары анықталады. Әдеби көркем шығармаларды әр түрлі талдау тәсілдері арқылы білімгерлердің сыни көзқарастарын қалыптастыру жолдары талқыланады. Бұл тұста сыни көзқарас қалыптастыру әдіс-тәсілдерін тұрақтандыру қажеттілігі туатыны анықталып, педагогикалық технологиялардың базистік ерекшеліктерін, жаңашыл новаторлық технологиялардың талаптарын, ұстанымдарын біріктіріп оқыту жүйесін орнату мүмкіндіктері қарастырылды. Білім беру жүйесіндегі көркем шығарманы игеру, оны талдау маңыздылығы сипатталады. Негізгі шығарманың тағандары болып есептелетін жалпы шығарманың құрылысы, идеялық мазмұны, шығармадағы тартыс мәселесін талдаудағы баланың өзіндік ойы мен пікірін дамыту қалай жүзеге асады, оның маңыздылығы қандай, түрлі талдаулар нұсқаларын тұтастырып, талдау жүйелерін құру мәселелері талданады.

*Түйін сөздер:* тартыс, сюжеттік желі, сыни көзқарас, әдіс-тәсіл, дүниетаным, дәлел, ұйымдастыру.

Шығармашылық өсу – бұл адамның дүние ақиқатында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде өз орнын табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен нақты шешімдерді қабылдай алуға үйренгені абзал. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың дамуына жол салу, оның рухани күшін нығайтуға көмектеседі. Бұндай жауапкершілігі мол мақсатқа жету жолындағы баспалдақ мектеп қабырғасынан бастау алады. Демек оқыту мен тәрбиелеуде әдіс-тәсілдің озығы таңдалып, ол әрбір білім алушының жеке басының қарым-қабілетін дамытуға, шығармашылығы мен талабын нығайту жолында қызмет етуі міндет. Бұл өз кезегінде әрбір оқушы бойында өзіне сенімді, өзіндік қалауын түйсіне алатын, жан-жақты ойлап, дер кезінде оң шешім шығара білетін парасаттылық пен қиядағыны көретін қырағылық, сұңғылалықты қалыптастыруға себеп. Бұл іс көркемдік шешімнің мекені саналатын әдебиет сабақтарында жүзеге асырылса нұр үстіне нұр.

Көркем шығарма – әдебиеттің жүрегі. Оны оқыту дегеніміз – оқырманның ойлау әрекетін дамыту, дүниетанымын байытып эстетикалық талғамын арттыру, адамгершілік қадір-қасиетін қалыптастыру. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдауы қажет. Қабылдау оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асады. Оқушы көркем шығарманы қабылдауы үшін мұғалім сабақ барысында жоспарлы әрекет жасай отырып, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алуы шарт. Демек оқушыға әдеби білім беру, эстетикалық қасиеттерін дамыту үшін мұғалім шығарманы оқыту барысында әдіс-тәсілдерді орнымен, жүйелі түрде қолдану қажет. Біз нысан етіп отырған дүние, прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдау арқылы оқушылардың сыни көзқарастарын қалыптастыру. Яғни мектепте көркем шығарманы игеру, оны талдау арқылы көркем шығарманың құрылысы, идеялық мазмұны және шығармадағы тартыс жүйесін

талдау қалай жүзеге асады? Оның маңыздылығы неде? сияқты сұрақтарды қарастыра отырып, белгілі бір тақырып бойынша мысалдар келтіру. Прозалық шығармалардың сюжетін, ондағы тартыс жүйесін талдау барысында оқушы бойында сыни көзқарас қалыптастыру жолдарын қарастыру, маңыздылығын көрсету. Себебі көркем шығармада тартыстың дамуына, ауқымының кеңейіп өзгеруіне қоғамдық саяси-әлеуметтік жағдайлар мен адамдар арасындағы кереғар қайшылықтар ықпал ететіні белгілі. Осының негізінде оқушы прозалық шығарманың сюжеттік желісі мен тартысына тек тілдік талдау жасау арқылы ғана шектелмей, өзіндік сыни көзқарасын қалыптастырады. Кейіпкердің іс-әрекетіне баға беруге дағдыланады, өз пікірін дәлдеуге талпынады.

Көркем шығармадағы тартыс сюжет желісіне арқау болатын, айрықша шиеленіскен түрде көрініс беретін қақтығыс, қайшылық, күрес. Алғашқылардың бірі болып А.Байтұрсынұлы тартыс категориясына өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «Адам бала күнінде тысқы ғаламдағы көзге көрініп, денеге сезіліп тұрған нәрселерді ғана танумен болады. Ержеткен сайын дүниенің ісіне өзінше сүйсініп, өзінше күйініп, өзінше жол тұтып, өзінше жол белгілеп, жақсылық, жамандыққа өз көзімен қарап, өзінше сынап, өзінше бағалап, өзінше пікірлейтін болады. Өз алдына мұңы, мұраты, мақсаты, мүддесі болып, сол мұрат-мақсатына жету талабына кіріскен жерде тысқы ғаламға тиісті жерден шегіне келіп, ішкі ғалам мен тысқы ғаламның шарттары тура келмей екеуі ілінісіп, ұстаса кетеді» [1, 294] – деп сипаттама береді.

Бұдан әрі тартыс Қ.Жұмалиевтің, Е.Ысмайыловтың, З.Қабдоловтың оқулықтарында ғылыми талдауға ие болады. Бұл талдаулардың басын біріктіретін, сондай-ақ өзіне назар аударуды талап ететін бірден-бір мәселе тартысты сюжеттің құрамдас бөлігі, қозғаушы күші ретінде қарастырылуы болып табылады.

Сюжет көптеген әдебиеттанушы ғалымдардың пікірінше көркем шығармада жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі, жүйесі. Ал осы оқиғалар жүйесінің ішкі мазмұнының ашылуы тартыстың негізінде жатады. Сюжет пен тартыстың басталуы, дамуы, аяқталуы бар. Ендеше тартысты сюжеттік құрылым, композиция, шиеленіс, әрекет дамуы, шарықтау шегі, шешім сияқты бөліктерге бағындырудың қажеті жоқ. Себебі тартыс көркем туындының идеялық-тақырыптық қуаты арқылы сюжеттік құрылымды белгілі бір жүйе негізінде өрбітіп, өрістетіп, дамытып, көркемдік шешімге әкеледі.

Әр прозалық шығармада оқырман ондағы кейіпкерлер жүйесі, олардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, тағдыр талайымен танысады. Шығарманы талдай отырып, жазушының өз шығармасында сюжеттік желілерді қалай қиюластыратынына назар аудару керек. Оқушыларды жазушының сюжет пен тартысты осылайша орайластыру арқылы не нәрсеге қол жеткізетіні туралы ойлауға үйрету берілген шығарманың мағынасын түсіну үшін де, жазушының шеберлігін ашу үшін де, оқушылардың көркемдік тәрбиесі үшін де маңызды.

Бүгінгі күн – ертеңгі тарих екені белгілі. Көбіне көп әр дәуірдегі әдебиет сол тұстағы тарихтан хабардар береді. Сондықтан сабақ барысында әсіресе тарихи маңызы бар шығармаларды оқыту кезінде оқушыларға автор өмір сүрген кезеңнен аз-кем мәлімет беруге болады. Яғни хронологиялық тізбек бойынша сол тұста басты орын алған тарихи оқиғалармен таныстыруға болады. Бұл әдістің тиімді тұсы сол, оқушының шығарма сюжетін ондағы тартыс мәселесін, о бастағы авторлық идеяны топшылауға мүмкіндік береді. Себебі көпшілік оқушы қазіргі таңда көркем әдебиеттегі көркемдік шешімді түсіне білмейді. Тек шығарма мазмұнын сол күйінде баяндайды. Ал автор не себепті шығарманы осылай жазды, нені тұспалдады, нені меңзеп көрсеткенін, түпкі идеялық мазмұнды

меңгеруге таным-түйсінік деңгейі жетпей жатады. Біз оқырман бойында сыни көзқарас қалыптастырғымыз келсе, ең алдымен оқушының дүниетанымын кеңейтуге ықпал еткеніміз жөн.

Шығармашылық жұмыс оқушылардың пәнге деген қызығушылығын әрдайым арттыратын тәсілдің бірі және бірегейі. Сондықтан прозалық шығарманы оқытуда бұл әдісті іске асыру, нәтижелі болып табылады деп ойлаймын. Мысалға, прозалық шығарманың сюжеттік желісінен басты эпизодтарды таңдай отырып сол эпизодты сахналау. Оқушылардың біраз бөлігі эпизодты сахналаса, қалған бөлігі сыныптастарының қойылымына, ондағы сахналанған шығарма желісіндегі оқиғаға өз көзқарастарын білдіре алады. Прозалық шығарманы оқып қана қоймай оны сахналап көрсету оқушылар бойында мына дағдыларды дамытады:

- алдымен оқушылар шығарманың өң бойынан сахналауға жарарлық эпизодты өздері қарастырып, сахналық эпизодты саралайды;
- шығармадағы кейіпкердің кескін-келбетіне, мінезіне сәйкес сыныптастарын өз ішінен іріктеп кейіпкер рөлін сомдайды;
- кейіпкердің сөйлеу барысына, мінез-құлқына баса назар аударып, көрерменге жеткізу үшін талаптанады. Өздері кейіпкер кейіпіне еніп, әртістік қабілетін шыңдайды. Сахна мәдениетін үйренеді;
- ең қызығарлығы, көрермен ретіндегі сыныптастары да сахнадағы шығарма кейіпкерін сомдаушы досының іс-әрекетіне баға беруде, сыни көзқарасын бүкпесіз айтуда барынша шынайы болады. Себебі шығарма кейіпкері бейнесіндегі адам басқа емес, оның сыныптасы.

Көркем туынды оқыту секілді, оны талдау да әдебиетті оқытудың маңызды, күрделі жұмыстарының бірі. Көркем туындыны талдау, әрине, мұғалім басшылығымен жүргізіледі, ең басты қызмет те мұғалімдікі. Алайда талдау оқушылар бойынан бағалай алу дағдыларын, іскерлік машықтарын талап етеді. Мұғалім талдау барысында мына нәрсеге басты назар аударады:

- Көркем туынды көтерген проблемалар, автор ойы, оның көркем компоненттері туралы, яғни талдау нені талап етеді, соны орындату.
- Оқушыны оқыған шығармаларын талдай білуге машықтандыру, дағды-іскерліктерін жетілдіру, әдеби талдауды үйрету қызметін атқарады.

Біз білетін талдаудың түрлері көп. Солардың бірі тәжірибеде кеңінен тараған, әрі тиімділігімен, нәтижелілігімен жиі қолданылатын талдаудың түрі – проблемалық талдау. Проблемалық талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен қызмет атқарады және өзіндік ізденістеріне зор мүмкіндік ашады, әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы болып келеді.

Көркем мәтінді талдаудың жолдары мен бағыттары Бердібай Шалабай, Рәбиға Сыздықова еңбектерінде жан-жақты баяндалған. Ғалымдар өз кезегінде көркем мәтінді талдаудың жолы мен жүйесін айқындайды. Талдау жүйелі әрі тұтас, көркем шығарманың барлық нәрін, дәнін ашатындай, нанымды, ғылыми мазмұнда жүргізілуі керек. Мектепте әдеби талдаудың үш жолы бұрыннан-ақ тәжірибеде кеңінен пайдаланып келеді. Олар:

а) автор ізімен талдау, бұны тұтастай, толық талдау дейді (бұл талдауда мұғалім көркем шығарма сюжеті, эпизодтары, автордың негізгі ойы, мазмұн мен форма жүйесін сақтай отырып, талдауға ерекше назар аударады);

б) кейіпкерлерге талдау жасау, в) тақырыпты проблемалық талдау. Әдістемеде көркем шығарманың эпизодын талдауға арналған бірнеше жұмыс түрлері бар. Мысалға,

түсініктеме беру және идеялық мазмұнды анықтау, кейіпкердің мінез-құлқын қарастыру және т.б.

Ең алдымен оқушылар сабақ барысында өз пікірін барынша ашып айта алуы үшін мұғалім оларға қолайлы орта қалыптастыруы шарт. Сабақты әуелден позитивті күйде бастап оқушыларды пәнге қызықтырып, оларға бағыт бағдар беріп, демеп отырғаны жөн. Көркем шығарманы талдамастан алдын оны дауыстап оқып, жеткізу керек. Сонда ғана шығарма балаға барынша әсер етеді. Сабақтың негізгі бөлімінде мұғалім тәлімгер емес, оқырман рөліне яғни автор мен оқушылар арасын жалғастырар көпір іспеттес болса оқушылар бойында еркіндік, мәселеге бей-жай қарамай қайта сыни көзқарасын білдіруге деген талпыныс пайда болады деп топшылаймын. Оқушылардың сыни пікірін білдіре алуы үшін де мұғалім бірқатар дүниені ескергені жөн. Атап айтсақ:

- оқушы сыни көзқарасын қалыптастыру үшін уақыт керек;
- оқушыларға ойланып, ойын ашық айтуға рұқсат беру, әртүрлі идеялар мен пікірлерді мүлтіксіз қабылдау;
- топтық жұмыстарда оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;
- сыныптастардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;
- оқушының сыни көзқарастарын, пікірлерін мұғалімнің бағалауы.

Оқушылар бойында сыни көзқарас қалыптастыру – талдау жұмыстары кезінде ақпаратты ойлауға, бағалауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім болып табылады. Сыни көзқарас білдіру сұрақ қоюдың, дәлелдеудің басты дағдыларын және қабілеттерін дамытуды көздейді. Осы түйінді идеяны мен сабақ үдерісінде қалай қолданар едім? Сыни көзқарас қалыптастыруды негізге ала отырып мен мектеп бағдарламасында кездесетін,



нақтырақ айтсам, 5-сыныптың қазақ әдебиеті пәні бойынша Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» атты повесін оқытуда қорытынды сабақ кезеңінде төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолданар едім.

Сабақты бастамас бұрын тақырыпты ашуда оқушыларды жан-жақты ойландыру мақсатында сұрақтар қойдым. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда сұрақтардың маңызы ерекше. Сыныпта осындай әртүрлі сипаттағы сұрақтар қойылу үшін оқушыны оған үйретіп қана қоймай, сонымен бірге сол органы жасау қажет. Осы ретте мен төмендегідей стратегияларды басшылыққа алар едім. Топтық жұмыс кезеңінде «Кубизм» әдісі қолайлы [2, 34]. Ол үшін екі топ кезектесе кубикті лақтырып, кубиктің үстіңгі бөлігінде көрсетілген тапсырманы орындайды. *Суреттеңіз. Қожаның портретін суреттеңіз. Салыстырыңыз.* Басты кейіпкер Қожа мен бүгінгі заманның «Қожасын» салыстырыңыз. *Қолданыңыз.* Қожа жайлы өзгелердің пікірі қандай болды? (апасы, Рахманов ағай, Жантас, Жанар) *Дәлелдеңіз.* Ең ұлы жеңіс – өзіңді-өзің жеңу (П.Кальдерон). Осы пікірмен келісесіз бе? Шығармадағы басты кейіпкер өз-өзін тәрбиелей алды ма? Ойыңызды дәлелдеңіз.

*Зерттеңіз.* Жазушы Бердібек Соқпақбаев жайлы не білесіз?

*Талдаңыз.* Қожа қандай бала? Жауабыңызды тезистер мен дәлелдер арқылы жеткізіңіз. Ол үшін «1 тезис, 3 дәлел» кестесін толтырыңыз. Аңдасақ, кубизм әдісіндегі салыстыр, дәлелде, талда сынды тапсырмалар оқушы бойындағы өз пікірін топта ортаға салып, талдау жасауға, дәлелдеуге жағдай туғызады. Ал жеке дара жұмыс үшін түрлі тірек-сызба, кесте, ойтолғау сынды жұмыстарды жүргізу тиімді деп білемін. Мысалы, «Концептуалды кесте», «Терминдермен болжау» және т.б. «Екі жақты түсініктеме күнделігі» әдісі [2, 39]. Бұл әдіс бойынша оқушылар бірінші бағанға маған әсер еткені.. мені таңғалдырды... сынды сөйлемдерді қолданып шығарма сюжетіндегі өзіне әсер еткен

оқиғаны жазады. Ал екінші бағанға себебін көрсетеді. Сондай-ақ белгілі бір тақырып бойынша, прозалық шығарманың негізін сақтай отырып сюжеттік желі мен ондағы тартыс мәселесін өз нұсқасында жазуды тапсыруға да болады. Оқушының өзін әдеттегі оқырман емес, автор рөлінде шешім шығаруға талпыныс жасауының өзі сыни көзқарасын қалыптастырады деп білемін. Сондай-ақ, шығарманы рөлге бөліп оқу, кейіпкер әрекетін талқылап, дәлелдеп беру сияқты әдіс-тәсілдердің де пайдасы көп.

Жалпы оқу процесі барысында оқушыларға үнемі сабақ барысында кеңейтілген тапсырмалар, сыни ойлауын дамытатындай жоғары дәрежелі сұрақтарды үздіксіз берген жөн. Сын тұрғысынан ойлау деңгейіндегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән десек жаңылысқанмыз. Жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда орта буын сыныптарының да өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Бүгінгі таңда оқушы қабілетін қанағаттандыра алатындай білім беру үшін оқыту үрдісінің сан алуан түрлерін пайдаланып отырғандығымыз белгілі. Осы жаңа әдістерді қолдану кезінде педагогикалық-психологиялық талаптарды біріктіре отырып, оқушының оқу материалын терең игеруіне жағдай жасау қажеттілігі көрініп отыр. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту кезеңінде әрбір оқушыға жаңа сабақтарды меңгертіп қана қоймай, оқушыдан жеке тұлға қалыптастыру қажеттілігін ескеру қажет.

Мектепте әдебиетті оқытудың күре тамыры көркем мәтінді оқу мен талдау жұмыстары болып табылады. Көркем мәтінді оқыту, оны талдауға баулу – әдебиет мұғалімінің де ең негізгі қызмет, мақсаты. Талдау арқылы оқушының танымын, қабілетін, қорыта айтқанда, оның ойлау белсенділігін, бүкіл іс-әрекетін дамыту. Сондай-ақ ең басты мақсат – көркем туындыны талдау жолдарын меңгерту, көркемдік-эстетикалық ерекшелігі,

оның көтерген тақырыбы, образды жүйесін т.б. бірлікте, кешенді түрде қарастыра отырып, талдауға баулу.

Балаларды диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту белсенді жүргізілгенде ғана олардың оқуы тиімдірек және зияткерлік жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түсуде. Мерсер мен Литлтон атты қос ғалым өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Выготскийдің моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Барнс сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың оқуына соншалықты әсер ететінін айтады.

Сыни көзқарасты қалыптастыру жұмысы оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, баламалы шешімдерді қабылдауға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулиды.

Әртүрлі қайшылық, қарама-қарсылық қақтығыстар өмірде үнемі туып отырады. Прозадағы тартыс көбіне қиыншылығы мол оқиғалардың шиеленісі арқылы беріледі. Сондықтан көркем өнерде бұл жағдай шығармалардың тартыс өзегіне негіз болатын алғы шарт іспетті. Прозалық шығармалардың сюжеттік желісі мен тартысын талдауда сыни көзқарас қалыптастыру үшін, тілдік талдаумен ғана шектелмей аналитикалық сұхбат, эмпатиялық диалог сынды әдістерді қолдану оқушы бойындағы сыни көзқарастың дұрыс қалыптасуына ықпал етеді деген ойдамыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Әдістемелік құрал. Құрастырушы: Дөненқожаева М. Ө., Ажибаева Ж.С.,
3. Қызылорда қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері. 56 бет.